



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәлиұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

Бүгінгі күні зерттеу жасауды толығымен мамыражай күйде жасауға мүмкіндік бар. Десе де қыпшақ тілдері қолөнер лексикасын зерттеулері жоқтың қасы деп айтса қателеспейміз. Әлі де көптеген зерттеулердің қажет екені анық. Қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымына жаңа серпін беріп қана қоймай, сонымен бірге егеменді мемлекет мүддесі үшін ұлттық өзін-өзі танудың жандануына, халықтың жоғары рухының, бай руханиятының негізі мен өзегі ретінде қоғамдағы тілдің маңызы мен қызметін жаңа деңгейге көтеруге ежелгі тілдің лексикасын танудың маңызы зор екені анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. Т. 1 / отв. ред. М. И. Матусевич; Ленингр. гос. ун-т им. А. А. Жданова. Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1958. – 180 с.
2. Томсен В. История языкознания до конца XIX века (краткий обзор основных моментов). – М.: Уч.пед.гиз, 1938. – 160 с.
3. Баскаков Н.А. Задачи составления тюркских ареальных исторических диалектологических атласов / Советская тюркология. №3 Баку – 1982
4. Кобозева. И.М. Лингвистическая семантика.М.: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с
5. Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы:фил.ғ.д.дисс: 10.02.02.Алматы:А.Байтұрсынұлы атын.Тіл білімі ин-ты, 2006.-310б.
6. Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті. – Астана: Фолиант, 2010.-192б.

ШАҒАТАЙ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕЛІМІ

ЗИНЕДИНА А. С.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.
Астана, Қазақстан*

***Аңдатпа.** Мақалада орта ғасыр кезеңіндегі қазақ жазба тілі туралы ғылыми ой-пікірлер сараланады. Шағатай тілі атауына қатысты зерттеулер сөз болып, «шағатай тілі – қандай тіл» деген сауалға жауап ізделінеді. «Шағатай тілі» терминінің шығуы, оның болмысы және қазақ лингвистикасындағы зерттеліміне шолу жасалынады.*

***Тірек сөздер.** Шағатай тілі, ескі қазақ жазба тілі, орта ғасыр түркі әдеби тілі, тіл тарихы, жазба тіл*

Орта ғасырда түркі халықтарының әдеби ескерткіштері, ресми хат үлгілері шағатай тілінде жазылды. Шағатай тілі – қазақ, өзбек, түрік тілдері секілді қолданыстағы тіл емес, жасанды тіл. Былайша айтқанда, орта ғасырда өмір сүрген, үстемдік еткен тілдердің қоспасынан жасалған, барша түркі халықтарына ортақ тіл. Шағатай тілінің бір артықшылығы – оны барлық түркі халықтары түсінгендігінде. Сол себепті орта ғасырда түркілер ауызекі сөйлеуде ұлттық өзіндік ерекшеліктер танытса да, жазба тілге келгенде бірізділікті сақтаған. Демек шағатай тілі – өз заманының қажеттілігін өтеуге, түркі халықтарын ұйыстыруға қызмет еткен халықаралық жазба тіл. Сондықтан шағатай тілі мәселесін көтергенде, орта ғасырлық көркем шығармалардың тіліндегі ала-құлалықты ескеруіміз қажет. Өйткені «шағатай тілі» - шартты атау, оның құрамында сол дәуірде өмір сүрген түркі халықтары тілдерінің қоспасы бар, одан өзге араб-парсы тілдерінен енген сөздер де кездеседі. Шағатай тілі орта ғасыр кезеңіндегі әдеби ескерткіштері тілін зерттеген В. Радлов, А. Самойлович, Э. Тенишев, Э. Наджип, П.

Мелиоранский, Л. Будагов, т.б. ғалымдар еңбектерінде талданды. Ал қазақ лингвистикасында орта ғасырда жазылған шағатай мәтіндерін зерттеу ісі негізінде жүзеге асты. А. Ибатов, С. Исаев, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, Қ. Өмірәлиев, М. Балақаев, Б. Сағындықұлы, Д. Әбділәшімұлы, М. Томанов, Т. Қордабаев, т.б. тілші-ғалымдар орта ғасыр шығармаларын, әдеби тіл мәселесін зерттеу барысында шағатай тілінің болмысына соқпай өтпеді.

Қазіргі зерттеу еңбектерінде «шағатай тіліне» атауына қатысты сыни көзқарастар бар. Бұл туралы Д. Әбділәшімұлы: «Ескі қазақ жазба тілі» еңбегінде: «Алғашында кейбір ғалымдар мұндай жазба тіл үлгісіне араб, татар, т.б. тілдерінен көбірек сөз, кейбір грамматикалық тұлғалар араласқанына негізделіп «кітаби тіл» немесе «қоспа тіл» деп сырттай ат қойып, оның ішкі болмысын зерделеуге немқұрайды қарады. Соның салдарынан кеңестік дәуірде кейбір ғалымдар тарапынан «шұбарланған тіл», «касталық тіл», «дін тілі», «шағатай тілі», «ауытқымалы тіл», «аралас тіл» сияқты алуан түрлі анықтамалар беріліп, көңілге қонымсыз пікірлер айтылды» деген пікір білдіреді [1, 8]. Осылайша тұжырым жасай отырып ғалым орта ғасырдағы Қазақстан территориясында ресми қолданыста болған тілді «*ескі қазақ жазба тілі*» деп атауды жөн санайды. Ал М. Сабыр: «Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілі аралас сипатта болды, бір ескерткіштерде қыпшақ элементі басым болса, енді бірінде оғыз элементі көбірек. Бірақ олар тұтас бір тілдің әр түрлі көріністері ғана. Яғни орта ғасырларда *біртұтас орта түркі тілі* қалыптасты» деген тұжырым жасайды [2, 16]. Ғалымның айтып отырғаны да сол – шағатай тілі. Тек оны «біртұтас орта түркі тілі» деп атап көрсетеді. Ал С. Исаев: «Хан жарлықтары, өзге елмен арадағы қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер сияқты жазба туындылардың қажетін *орта азиялық түркі әдеби тілі* өтеп отырды» деген пікір айтады [3, 108]. Көріп отырғанымыздай, ғалым С. Исаев орта ғасырдағы жазба тілді түркі әдеби тілі атауымен береді. Расында, біздің шағатай тілі деп отырғанымыз, түркі тілдерінің қоспасы, жиыны. Құрамы жағынан зерделейтін болсақ, қарлұқтық, оғыздық, ұйғырлық элементтерді аңғарамыз. Қай-қайсысы да түркі тілдерінің бірі саналады. Сол себепті шағатай тілін орта ғасырдағы түркі тілінің жазба нұсқасы деп атауға негіз бар. Татар, өзбек, т.б. түркі тілдерінің араласуынан, одан бөлек діннің әсерінен енген кірме сөздердің мол қолданыс табуы түркі халықтары мәдениетінің ортақтығын білдіреді.

«Шағатай тілі» атауы қайдан шықты, қалай пайда болды десек, тарихи деректерге көз жүгіртуіміз керек: «Шағатай иелігіне түркі халықтардың негізінен шоғырланған Мауераннахрдың (қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстанның бір бөлігі), Жетісудің және Шығыс Түркістанның аймақтары қараған. Монғолдық және түріктік дәстүрлерде және де тарихи шындықпен бұл жерлер жиынтығы «Шағатай ұлысы» деп аталып, монғолдық антропоним иегерілді» [4]. Шағатай ұлысында өмір сүрген халық өздерін шағатайлық деп атап, кейін шағатай сөзі семантикалық жағынан дами келіп, этнонимдік сипат алды. Соның нәтижесінде *шағатай* атаулы жасанды тіл қалыптасты. Демек біздің шағатай тілі – халықтың ареалдық ерекшелігіне сай берілген атау. Сонда шағатай тілі түркі тілдерінде актив қолданысқа ие сөздердің араласуынан, одан бөлек кірме сөздерді пайдалана отырып жазылған кітаби тілі болып шығады. Хатқа қатталған сөздер кейін ауызекі сөйлеу тіліне де әсер етіп, қазіргі қолданыстағы кірме сөздердің тілімізге сіңіп кетуіне жағдай жасаған деп те топшылай аламыз.

Шағатай тілі араб әліпбиін пайдаланған өте дамыған мәдени тіл болған. Бұл туралы Б. Әбілқасымов былай дейді: «Қазақтың ескі жазба әдеби тілінің морфологиялық құрылымында қыпшақ элементтерінің үлесі айтарлықтай. Дегенмен оның негізі шағатай тілі болғандықтан, осы жазба дәстүр бойынша қолданылған оғұз және көне ұйғыр тілдеріне тән тұлғалар да едәуір орын алған. Бұл ерекшелік ортағасырлық түркі жазба тілдерінің барлығына тән. Сөз болып отырған кезеңдегі жазба әдеби тіл араб жазуын пайдаланғандығы белгілі» [5, 128]. Біз шағатай тілі дегенде қазақ тіліне қатысы жоқ басқа тілді айтпаймыз, «Оразмұхамет пен Тәуекел хан, сөз жоқ, бір-біріне хатты орыс, не өзбек, не татар тілдерінде жазыспағандары кәміл.

Заманының мұсылманша сауатты адамдары – хан мен сұлтан сол кезеңнің тәртібін сақтап, жалпыға ортақ түркі жазба тілінің нормаларын ұстап, өздерінше ана тілдерінде – қазақ тілінде жазысты. Ол жазба дәстүр, әрине, шағатай тіліне негізделді» [5, 117]. Демек қазақтың орта ғасырдағы жазба тілі қазақ тілінің тарихи дамуының бір көрінісі, қоғамдық қарым-қатынастарға сәйкес шағатай тілі дәстүрі енгізілді. Сонда шағатай тілі дегеніміз жазба дәстүр болып шығады. Демек орта ғасырларда ауызекі сөйлеу тілі мен жазба дәстүрдің өлшемдері екі түрлі сипатта болған деген тұжырым жасай аламыз. Сондықтан «шағатай тілі» өзге тіл емес біздің қазіргі қазақ тіліміздің орта ғасырдағы жазбаша үлгісін береді. Сол себепті тіл тарихын бағамдауда, дәуірлеп сипаттауда шағатай тіліне соқпай өте алмаймыз. Қазіргі қазақ тілінің болмысын, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін тану үшін де тіліміздің орта ғасыр кезеңіндегі жазба түріне назар салуымыз керек болады. Сондықтан шағатай кезеңі деп танылған тарихи дәуіріміздегі әдеби-мәдени, ресми ескерткіштер қазіргі тіл үшін де құнды болмақ. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде: «Қазақ тіліне шағатай тілі деп аталған орта азиялық түркі әдеби тілінің де белгілі бір дәрежеде әсері болғаны даусыз» делінген [6, 11]. Демек шағатай тілі – қазақ тілінің қалыптануына әсер еткен, қазақ топырағында жазба нұсқада кең қолданыста болған тіліміздің бір тарихи кезеңі.

Шағатай тілінің туындап, дамуына не әсер етті десек, түркі тектес халықтардың бір-бірімен араласуы, тайпалардың қарым-қатынасы, қоғамдық өмір өз ықпалын тигізді деуге болады. Бұл туралы Б. Сағындықұлы былай дейді: «XI-XV ғасырлардағы түркі тіліндегі әдебиеттер аралас тілде жазылған. Бұлай болуы заңды да еді. біріншіден, ол кезде қазіргі ұлт тілдерінің жігі әлі айырылып болмаған еді. тайпа тілдері өз ерекшеліктері болғанымен бір-біріне жақын болатын. Оның үстіне өмір салтына сәйкес, бір тайпа екінші тайпаның тілін түсінетін болған. Сөйтіп орасан зор территорияны иеленіп, бір жерден екінші жерге көшіп кетпеген. Тығыз қатына жасаудың арқасында бір диалектіден екінші диалектіге сөздер ауысып отырған. Екінші жағынан, саяси жағдайдың да айтарлықтар ықпалы болған. Мысалы, бір тайпалар бір кезде белгілі бір тайпалар одағына біріксе, екінші бір кезде екінші тайпа үстем болған. Үстем тайпалардың тілі де үстем болып басқа тілдер сол тайпаның тілінің ықпалына көшіп отырған» [7, 21]. Демек қоғамдық қарым-қатынас, саяси жағдайлар жазба тілінің пайда болуына алып келді. Соның нәтижесінде шағатай тілі барша түркі халықтарына ортақ кітаби тіл болып қалыптасты. Әрине, өз тұсында таза түрік тілінде немесе таза бір тілде еңбек жазып шығуды мақсат еткен жазушылар да бар. Десе де кітаби тіл нормасына сәйкес орта ғасырдағы шығармалардың көпшілігі шағатай тілінде хатталды. Ал ресми-іскери қағаздар таза шағатай тілінің нормасына сәйкес жазылды. Өйткені дипломатиялық қарым-қатынас кезінде ұлттардың бірін-бірі толық түсінгені абзал. Ал мұндай мүмкіндік шағатай тілінде бар еді. Сол себепті орта ғасырдан бастап Абай, Ыбырай дәуірлеріне дейінгі кезеңдерде шағатай тілі элементтері кітаби тілдің нормасына айналды. С. Исаев: «Қазақ әдеби тілі тарихында қос тілділік құбылыс орын ала бастады, бір жағынан, әр түрлі жанрлардағы жазба тілде кітаби тіл дәстүрінің мықтап сақталуы байқалып отырса, екінші жағынан, көркем поэзияда сөйлеу тілінің, ауыз әдебиетінің элементтері, нормалары берік орын алып, тұрақтай бастады», - деп жазады [3, 105]. Сонда қазақ хандығы тұсында екі тіл өмір сүрді дей аламыз. Бірі – жазба тіл, екіншісі – ауызша тіл. Ауызекі сөйлеу тілінің нормалары қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы жоқ екенін жыраулар поэзиясынан аңғарамыз. Жыраулар поэзиясы қазіргі кезеңге дейін ауызша формада жетті, ал егер сол заманда жыраулар поэзиясын жазбаша үлгіге түсірсе, шағатай тілінің элементтері кірігіп кетер ме еді? Қалай десек те шағатай тілі – қарапайым құрылымдық нормалары бар тіл емес, түркі тілдерінің қоспасынан, араласуынан пайда болған тіл. Сол себепті қазақтың орта ғасырдағы жазба тілін «ескі қазақ жазба тілі» деп атауға қисын бар сияқты. Тек сол тұстағы ескерткіштер тіліне талдау жасау барысында қазақ тілі элементтерін, құрылымдық,

грамматикалық ерекшеліктерін сипаттай отырып, қазақ тілінің үлесі қанша екендігін анықтау қажет.

Шағатай тілінің тарихын үш кезеңге бөлуге болады:

1. Бастапқы шағатай кезеңі (1400—1465);
2. Классикалық шағатай кезеңі (1465—1600);
3. Кейінгі шағатай кезеңі (1600—1921). [8].

Көркемдік жүйесі жетілген, түркі дүниесі үшін құнды еңбектер осы классикалық кезеңде дүниеге келді. Ал кейінгі шағатай кезеңінде ресми хаттар, хан жарлықтары хатталды. Тарихи ескерткіштерде шағатай тілі сипатының қаншалықты сақталғанын анықтау, шағатай тілін дұрыс дәуірлеуге, дәуір болмысын тануға мүмкіндік береді. Классикалық кезеңде жарыққа шыққан Қадырғали жылнамасы туралы Р. Сыздық: «XVI ғасырда Қадырғали шежіресі арқылы көрінген қазақ жазба тілінің Орхон-Енисей ескерткіштері мен көне ұйғыр жазбаларынан жалғасып келе жатқан көне элементтерден едәуір арылғаны байқалады, сондай-ақ ескі өзбек, ескі татар тілдеріне қарағанда, араб тілінің ықпалынан да іргесін алшақтата бастағанын көруге болады. Қадырғали жылнамасының тілі шағатай тілі нормаларын сақтаған» деген пікір білдіреді [9, 126]. Демек шағатай дәуірінің классикалық кезеңінде шағатай тілі нормалары барынша тұрақтанып, нормаға түскен.

Сонымен, шағатай тілі – қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына ықпал еткен, қазақ тілінің орта ғасырдағы жазбаша сипаты. Шағатай тілінің құрамында түркі тілдерінің қоспасы, діни сенімнің әсерінен енген араб-парсы тілдері бар. Лексикалық, грамматикалық тұрғыда қазіргі қазақ тілінен ерекшелгенімен, шағатай тілінің тілдік болмысына, әсіресе, сөздердің байланысу жүйесі мен сөйлем жүйесіне назар салу біраз тілдің бүгінгі үшін де, өткені, келешегі үшін де біраз мағлұмат береді. Шағатай тілінің фонетикасы, лексикасы мен морфологиясы нақтылы әдеби ескерткіштер негізінде біршама зерттелді, ал синтаксис саласына қатысты зерттеулер әлі де ғылыми көзқарастарды талап етеді. Сондықтан шағатай тілінің синтаксистік жүйесіне зер салу, синтаксистік модельдер ұсыну біздің алдағы уақыттағы жүргізетін зерттеуіміздің өзегі болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбділәшімұлы Д. Ескі қазақ жазба тілі. – Алматы: Елтаным, 2016. – 240 б.
2. Сабыр М. Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 316 б.
3. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
4. Мұқанова А. Түріктік этнолингвистикалық «шағатай» терминінің пайда болу тарихы// <https://articlekz.com/kk/article/15519>
5. Әбілқасымов XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. - Алматы: Ғылым, 1988. – 144 б.
6. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісоа Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 240 б.
7. Сағындықұлы Б. Алтын орда жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 112 б.
8. Шағатай тілі// <https://kk.encyclopedia.kz/index.ph>
9. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.